

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № 260 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 15 қазандағы № 853 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.10.2024 № 853 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін, бірақ ерте дегенде 01.01.2025 қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 2-тармағына және 39-бабының 3-тармағына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1178 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 85-86, 618-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды белгілеу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастауды екі жылдан аспайтын мерзімге белгілеуге құқылы.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен алып тастау:

- 1) конституциялық құрылыс негіздерін қорғауға;
 - 2) елдің қорғанысы мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
 - 3) ішкі нарықты қорғауға;
 - 4) ұлттық экономиканы дамытуға;
 - 5) отандық тауар өндірушілерді қолдауға белгіленуі мүмкін.";
- 8-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшаның реттік нөмірі 6-жолы алып тасталсын

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК